

**Мәслихаттың 2016 жылғы 6 маусымдағы № 30 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 213 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қаңтарда № 7486 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 шілдедегі № 545 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 17.07.2020 № 545 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 6 маусымдағы № 30 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6530 тіркелген, 2016 жылғы 20 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларында:

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар егер:

1) өтініш берілмеген болса;

2) оларды өткізу кезінде "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7, 8-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда Қостанай ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылады.";

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларына 1, 2-қосымшалар осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық мәслихатының  
кезекті сессиясының төрағасы

С. Есментәев

Қостанай аудандық  
мәслихатының хатшысы

Б. Копжасаров

**КЕЛІСІЛДІ**

Қостанай ауданы әкімдігінің  
"Ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ А. Суинова

Мәслихаттың  
2017 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 213 шешіміне 1-қосымша  
Жиналыстар, митингілер,  
шерулер, пикеттер және  
демонстрациялар өткізуді  
қосымша реттеу туралы  
қағидаларына 1-қосымша

## **Жиналыстар мен митингілер өткізу орындары**

№	Елді мекеннің атауы	Жиналыстар мен митингілер өткізу орындары
1	Затобол кенті	Заречная көшесі бойындағы алаң
2	Затобол кенті	Строительная және Механизаторов көшелерінің қиылысындағы алаң

Мәслихаттың  
2017 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 213 шешіміне 2-қосымша  
Жиналыстар, митингілер,  
шерулер, пикеттер және  
демонстрациялар өткізуді  
қосымша реттеу туралы  
қағидаларына 2-қосымша

## **Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары**

№	Елді мекеннің атауы	Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары
1	Затобол кенті	Механизаторов көшесі - Заречная көшесі (Целинная көшесінің басынан бастап Механизаторов көшесі бойынан Заречная көшесіне өтумен)
2	Затобол кенті	Строительная көшесі - Механизаторов көшесі (Калабаев көшесі мен "Водник" шағын ауданының қиылысынан Строительная және Механизаторов көшелерінің қиылысына дейін)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК